

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының
Қамқоршылық кеңесінің
2022 жылдың «26» сәуіріндегі № 7 шешімімен
БЕКІТІЛДІ
(Қамқоршылық кеңесінің 08.08.2022 жылғы №14
және 16.01.2023 жылғы №27 шешімдерімен енгізілген
өзгерістермен және толықтырулармен бірге)

«Қазақстан халқына» қоғамдық қорының білім гранттары» қайырымдылық бағдарламасы

1. Жалпы қағидалар

Бағдарлама ауылдық мектептердің түлектеріне және халықтың әлеуметтік осал топтарынан шыққан студенттерге қолдау көрсетуге, еліміздің азаматтарының осы санаты үшін жоғары білімнің қолжетімдігін арттыруға бағытталған.

Бағдарламада талапкерлерге білім гранттарын, яғни әрбір ұлттық жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі - ЖЖОКБҰ) 20 грантына дейін, қалған ЖЖОКБҰ-ң 10 грантына дейін жыл сайын беру қарастырылуда. Қордың талапкерлерге арналған білім гранттарының жалпы саны 850 дейін, ЖЖОКБҰ студенттері үшін – бакалавриат бағдарласы бойынша оқу үшін 1500 грантқа дейін, оқу нысаны - күндізгі.¹

Бағдарлама сондай-ақ 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиға кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларын және жараланған балаларды қолдауға бағытталған және оларға «қолданбалы бакалавр» дәрежесі берілетін «бакалавр» дәрежесі және/немесе техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру дәрежесі берілетін жоғары білім алу үшін білім гранттарын беруді көздейді².

Осы Бағдарламада мынадай негізгі түсініктер мен қысқартулар пайдаланылады:

- «Қазақстан халқына» ҚҚ білім гранты – Бағдарламаның қатысушыларына «бакалавр» дәрежесі берілетін жоғары білімнің ақысын төлеу үшін ақысыз берілетін мақсатты ақша сомасы, сондай-ақ 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиға кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларын және жараланған балаларды қолдауға бағытталған және оларға «қолданбалы бакалавр» дәрежесі берілетін техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім алу үшін білімнің ақысын төлеу үшін ақысыз берілетін ақшалай сома;²

- шәкіртақы – білім алушыға тамақтануына, тұрғылықты орнына және әдеби оқулықтарды сатып алуына жұмсайтын шығындарын ішінара өтеу үшін ай сайын берілетін ақшалай сома;

- аз қамтылған отбасылар – адам басына шаққанда бір айдағы табысы облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда, астанада белгіленген кедейлік шегінен төмен болатын отбасылар;

- Бағдарламаға қатысушылар - «Қазақстан халқына» ҚҚ-ң білім грантын және/немесе шәкіртқасын алуға үміткер талапкерлер мен студенттер;

- ҰБТ – Ұлттық бірыңғай тест;

- ЖЖОКБҰ - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары;

- Қазақстан Республикасының қайтыс болған азаматтарының балалары - 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғасы кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары;³

- жараланған балалар - 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғасы кезінде жараланған балалар.⁴

¹ Қамқоршылық кеңесінің 08.08.2022 жылғы № 14 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

² Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

³ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

«Қазақстан халқына» ҚҚ-ң білім гранттарын 2022-2023 оқу жылынан бастап жыл сайын беру жоспарлануда:

1) жоғары білімі бар кадрларды бакалавриат бағдарламасы бойынша конкурстық негізде дайындауға бағытталған мемлекеттік білім беру тапсырысы жарияланатын жоғары білім беру ұйымдарының тізбесіне енгізілген ЖЖОКБҰ-да күндізгі бөлімде оқуға талапкерлер. ЖЖОКБҰ осы Бағдарламаның 3-бөлімінде көрсетілген Бағдарламаның қатысушыларын іріктеу критерийлеріне сәйкес өтінім қабылдайды және конкурсты өткізеді. Білім грантын иеленушілерге оқудың бүкіл кезеңі бойына төленетін шәкіртақы төленеді.

2) осы Бағдарламаның 3-бөлімінде көрсетілген Бағдарламаның қатысушыларын іріктеу критерийлеріне сәйкес бакалавриат бағдарламалары бойынша күндізгі оқу бөлімінде оқуын жалғастыру үшін ЖЖОКБҰ студенттеріне. Қордың грантына және/немесе шәкіртақысына үміткер студенттерді іріктеу осы қайырымдылық бағытында (білім беру саласында) кем дегенде 2 жыл жұмыс тәжірибесі бар қайырымдылық ұйымдары арқылы жүргізіледі.

3) 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғасы кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларына және жараланған балаларға техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім (қолданбалы бакалавр) және жоғары білім (бакалавр) білім беру, оқу нысаны – күндізгі.⁵

2. Бағдарламаның өзектілігі мен мақсаты

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында белгіленгендей, әлемдегі елдердің аталған салалардағы басымдықтарының бірі болып отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарамастан, білім алушылардың мүмкіндіктерін теңестіру табылады.

Сондай-ақ Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының тапсырмаларының бірі қалалық және ауылдық мектептердегі білім беру сапасының арасындағы айырмашылығын қысқарту болып табылатынын атап өту қажет. Яғни қалалық және ауылдық мектептердегі білім беру сапасының арасындағы айырмашылық ауылдық мектептердің түлектері үшін жоғары білімді азырақ қолжетімді етеді.

Бағдарламаның өзектілігі Қордың цифрлық тұғырнамасына «Білім беру» саласындағы азаматтардан келіп түскен өтінімдер мен өтініштердің талдануы көрсетеді. Үш ай (ақпан-сәуір) ішінде атқарған жұмысы барысында Қорға 1500-ден астам өтінім келіп түсті, олар арқылы аз қамтылған отбасылар, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалар, жетім балалар, мүгедек балалар еліміздегі және шет елдердегі жоғары оқу орында білім алуының ақысын төлеп беруді сұрайды. Қазақстанда халыққа қолдау көрсету бойынша мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылатынына қарамастан, олар барлық мұқтаж адамдардың қажеттіліктерін толық қамти алмайды.

Қор жыл сайын бөлетін гранттар ауылдық мектептердің және аз қамтылған отбасылардағы түлектерге, сондай-ақ жетім балалар мен мүмкіндіктері шектеулі балаларға, соның арасында мүгедек балаларға өз әлеуетін ашуға, жоғары білім алу мүмкіндігін береді.

Бағдарламаның мақсаты – ауылдық мектептердің түлектеріне және халықтың осал топтарынан шыққан студенттерге қолдау көрсету, еліміздің азаматтарының осы санаты үшін жоғары білімнің қолжетімдігін арттыру.

3. Қатысушыларды іріктеу критерийлері және Бағдарламаның серіктестері

⁴ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

⁵ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

1) ЖЖОКБҰ өткізетін конкурстардың қорытындылары бойынша «Қазақстан халқына» ҚҚ-ң білім гранттары мен шәкіртақыларын беру үшін Бағдарламаға қатысушыларды іріктеу критерийлері:

ҰБТ тапсырған және оның нәтижесі бойынша ЖЖОКБҰ-ға түсу үшін өту ұпайын жинаған және төменде көрсетілген дәрежесі бар тұлғалар:

- ауылдық төңіректегі аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар;
- жетім балалар және кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар;
- мүгедек балалар;
- 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғасы кезінде қаза тапқан ҚР азаматтарының балалары;⁶
- 2022 жылғы қаңтардағы қайғылы оқиғасы кезінде жараланған балалар.⁷

2) Қайырымдылық ұйымдары өткізетін конкурстардың қорытындылары бойынша Қордың грантына және/немесе шәкіртақысына үміткер Бағдарламаның қатысушыларын іріктеу критерийлері:

бакалавриат бағдарламасы бойынша күндізгі бөлімде білім алатын және төменде көрсетілген дәрежесі бар студенттер:

- ауылдық төңіректегі аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар;
- жетім балалар және кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорынсыз қалған балалар;
- мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар;
- ата-анасы мүгедек болып табылатын балалар;
- 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғасы кезінде қаза тапқан ҚР азаматтарының балалары;⁸
- 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғасы кезінде жараланған балалар.⁹

3) 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларына және жараланған балаларға «Қазақстан халқына» ҚҚ-ң білім гранттарын беру үшін тиісті білім беру ұйымдарына белгіленген/талап етілетін құжаттарды тапсырған кезде түлек қабылдау туралы арызда өз мәртебесін көрсетуі және туу туралы куәлігін қоса беруі тиіс.¹⁰

Техникалық, кәсіптік, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары «Қазақстан халқына» ҚҚ-ға түлектің/студенттің құжаттары және оқуға қабылдау туралы бұйрық қоса берілген хатты жолдайды.¹¹

4) Бағдарламаның қатысушылары Қазақстан Республикасының азаматы болуы тиіс және 29 жастан аспауы тиіс.¹²

5) «Қазақстан халқына» ҚҚ-ң білім гранттары техникалық, кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (қолданбалы бакалавр) және жоғары білім беру (бакалавриат) бағдарламалары бойынша оқу үшін бір рет беріледі, бұл ретте «Қазақстан халқына» ҚҚ-ң білім грантын екінші жоғары білім алу үшін беруге жол берілмейді.¹³

6) «Қазақстан халқына» ҚҚ-ң білім грантының күші мынадай жағдайларда жойылады:

- өз қалауы бойынша оқудан шығу;
- үлгерімінің нашар болуы бойынша оқудан шығару.¹⁴

7) Бағдарламаны жүзеге асыру бойынша серіктестер:¹⁵

⁶ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

⁷ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

⁸ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

⁹ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

¹⁰ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

¹¹ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

¹² Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

¹³ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

¹⁴ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі;
- ЖЖОКБҰ – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары;
- техникалық, кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдары;
- осы қайырымдылық бағытында (білім беру саласында) кем дегенде 2 жыл жұмыс тәжірибесі бар, соның ішінде білім гранттары бойынша конкурстар мен іріктеулерді өткізу бойынша тәжірибесі бар қайырымдылық ұйымдары.

4. 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларына және жараланған балаларға шоттар ашу үшін өтінімдерді қабылдау және қарастыру¹⁶

1) 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балаларына және жараланған балаларға шоттар ашу бойынша өтінімдерді қабылдау және қарастыру 18 жасқа толмаған балалар бойынша 2024 жылғы 01 қаңтардағы ахуал бойынша жүзеге асырылады.

2) 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының 18 жастан асқан балалары мен жараланған балалар 2024 жылғы 01 қаңтардағы ахуал бойынша осы Бағдарламаның 3-бөліміне сәйкес «Қазақстан халқына» ҚҚ-ң білім грантын алуға құқылы.

3) Өтінімдерді Қордың <https://qazaqstanhalqyna.kz> ресми ғаламтор-ресурсы арқылы <https://atamekenim.kz/kz> тұғырнамасына 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының кәмелеттік жасқа толған балалары мен жараланған балалар, немесе кәмелеттік жасқа толмаған балалардың қамқоршылары/ресми өкілдері мынадай құжаттардың көшірмелерін қоса ұсыну арқылы бере алады:

- өтінім берушінің/баланың жеке куәлігі;
- қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматының қайтыс болғаны туралы куәлік/анықтама;
- қайтыс болған азаматпен туыстығын растайтын құжат: баланың туу туралы куәлігі, қажет болған жағдайда, дербес деректерін өзгерткені туралы анықтама.

4) Қордың Басқармасы білім грантын беру мақсатында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының Эндаументінде дербес шоттар ашу туралы шешім қабылдайды.

5) Бағдарламаның әрекет ету мерзімі Бағдарламаның осы бөлімінде аталған азаматтардың санатына таралмайды.

5. Жағдайды талдау

Қазіргі таңда елімізде 120 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (*бұдан әрі - ЖЖОКБҰ*) бар, олардың 86 – мемлекеттік гранттар берілетін ЖОО. 2021-2022 оқу жылы білім гранттарын бөлген кезде ҚР БҒМ халықтың әлеуметтік осал топтары үшін квоталар бөлді, бұл шара Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасына сәйкес алғаш рет қарастырылған. Кәмелеттік жасқа толмаған төрт және одан артық балалар тәрбиеленетін отбасылардағы балалар үшін гранттардың жалпы санынан 5%, осындай мәртебесі бар толық емес отбасылардағы балаларға - 1%, I және II топтағы мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балаларға - 1% білім гранттары бөлінді. Бұл ретте ҰБТ нәтижелері шекті ұпайлар санына сәйкес келуі тиіс. Сонымен қатар, жеңілдік гранттарын жетім балалар мен этникалық диаспораның өкілдері алады. Осылайша, білім гранттарын берген кезде азаматтардың әлеуметтік осал санатына жататын түлектердің мүмкіндігі басым болады. Мысалы, егер педагогикалық мамандықтарға 8000 білім гранты бөлінсе, оның 1063 гранты жеңілдік санаттарына жататын азаматтарға арналған.

¹⁵ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

¹⁶ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

2021-2022 жылдары 56000-нан астам грант бакалавриатқа түсу үшін бөлінді, олардың арасынан ең көп грант, яғни 17028 грант инженерлік, өңдеу және құрылыс саласына түскен түлектерге берілді. Педагогикалық ғылымдар – 9573 грант, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар – 7487 грант, жаратылыстану ғылымдары– 4088 грант, ауыл шаруашылығы ғылымдары – 1895 грант, денсаулық сақтау саласы – 2700 грант, өнер және гуманитарлық ғылымдар – 1615 грант, бизнес, басқару және құқық – 1223 грант, әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат – 960 грант. Сондай-ақ гранттар «Мәңгілік ел жастары – индустрияға» («Серпін») жобасы бойынша қарастырылады.

Сондай-ақ Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев гранттарды бөлу жүйесінде үлкен әлеуметтік компонентті қарастыруды және түлектің академиялық жетістіктеріне ғана емес, сондай-ақ оның әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне назар аударуды тапсырды.

6. Бағдарламаның бюджеті

Бір білім алушыға шаққан Қордың білім грантының мөлшері ЖЖОКБҰ дайындау бағытына және мамандануына байланысты анықталады және Бағдарламаның тиісті жылға шақталған бюджетінің шегінде ауытқуы мүмкін, бірақ 1 млн. теңгеден аспауы тиіс.

Шәкіртақының белгіленген мөлшері – 40 мың теңге¹⁷

Білім беру гранттарына жұмсау үшін жоспарланатын шығындар:¹⁸

- 2022-2023 оқу жылында – 2 350 000 мың теңгеге дейін;

- 2023-2024 оқу жылында – 2 640 000 мың теңгеге дейін;

- 2024-2025 оқу жылында – 3 460 000 мың теңгеге дейін;

- 2025-2026 оқу жылында – 4 280 000 мың теңгеге дейін.

Шәкіртақыға жұмсау үшін жоспарланатын шығындар:

2022-2023 оқу жылында – 94 000 мың теңгеге дейін;

2023-2024 оқу жылында – 105 600 мың теңгеге дейін;

2024-2025 оқу жылында – 138 400 мың теңгеге дейін;

2025-2026 оқу жылында – 171 200 мың теңгеге дейін.

Бағдарламаның 2022-2023 оқу жылына шақталған бюджеті 2 455 600 мың теңгеге дейін. Бағдарламаның 4 жылға шақталған ортақ бюджеті 13 239 200 мың теңгеге дейін.

2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары мен жараланған балалар бойынша Қордың білім гранттары мен шәкіртақыларын беру бойынша міндеттемелерінің орындауының ұзақ мерзімді кезеңін ескере отырып, берілген өтінімдердің негізінде Қор «Қазақстан халқына» ҚҚ-ң Эндаументінде жеке шот ашады және аталмыш шотта жиналған қаражатты алдағы уақытта «Қазақстан халқына» ҚҚ-ң білім грантын алу үшін ғана пайдалануға болады.¹⁹

7. Күтілетін нәтиже

Еліміздің ауылдық жерлеріндегі мектеп түлектері үшін жоғары білімнің қолжетімдігін арттыру, отбасының әлеуметтік-экономикалық мәртебесіне қарамастан, білім алушылардың мүмкіндіктерін теңестіру.

Азаматтардың әлеуметтік осал санатына жататын шамамен 2350 түлектер мен студенттерге жоғары білім алу мүмкіндігі жыл сайын берілетін болады.

8. География, жүзеге асыру мерзімдері мен кезеңдері

¹⁷ Қамқоршылық кеңесінің 08.08.2022 жылғы №14 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

¹⁸ Қамқоршылық кеңесінің 08.08.2022 жылғы №14 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

¹⁹ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасының барлық аумағында 2022-2023 оқу жылынан бастап жүзеге асырылатын болады. «Қазақстан халқына» ҚҚ-ң білім гранты 10 қыркүйектен кешіктірілмей беріледі.

№ 1 қосымша. «Қазақстан халқына» ҚҚ-ң грантын алуға үміткерлердің өтінімі – растау сауалнамасы – 1 парақта.

№ 2 қосымша. 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының тізімі – 2 парақта.²⁰

№ 3 қосымша. 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде жараланған балалардың тізімі – 1 парақта.²¹

²⁰ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

²¹ Қамқоршылық кеңесінің 16.01.2023 жылғы №27 шешімімен бекітілген өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

**«Қазақстан халқына» ҚҚ-ң грантын алуға үміткерлердің
өтінімі – растау сауалнамасы**

(ЖЖОКБҰ атауы)

(ЖЖОКБҰ мекен-жайы, байланыс деректері)

| | |
|---|---------------------------|
| Білім алушының Т.А.Ә. | |
| ЖСН | |
| Облыс: | |
| Аудан | |
| Қала | |
| Кент | |
| Ауыл | |
| ҰБТ (ұпай) | |
| ЖЖОКБҰ-ға түсу үшін белгіленген өту ұпайы | |
| Таңдаған факультеті: Білім беру бағдарламаларының тобы Білім беру бағдарламасы (ББ) | |
| Оқу мерзімі: | |
| Ағымдағы оқу жылында оқу ақысының сомасы | |
| Білім алушының әлеуметтік мәртебесі: | (таңдаңыз және + қойыңыз) |
| Ауылдық жерлердегі аз қамтылған отбасылардан шыққан тұлғалар | |
| Жетім балалар немесе кәмелеттік жасқа толғанға дейін ата-анасының қамқорынсыз қалған тұлғалар | |
| Мүгедектегі бар тұлғалар | |
| 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде қаза тапқан Қазақстан Республикасы азаматтарының балалары | |
| 2022 жылғы қайғылы қаңтар оқиғалары кезінде жараланған балалар | |
| | |
| | |

Басқарма Төрағасы - Ректор _____ / Т.А.Ә.